

2021 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 97 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2021 жылғы 5 мамырда № 4510 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Білім туралы" заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" қаулысына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 16137 болып тіркелген) сәйкес Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес 2021 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы;

2) осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес 2021 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі (С.Д. Төлебаева) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Г.М. Қалмұратоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облысының әкімі

С. Трумов

Маңғыстау облысы әкімдігінің

2021 жылғы 30 сәуірдегі

№ 97 қаулысына 1 қосымша

2021 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Ескерту. 1- қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 03.12.2021 № 286 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Елді мекен	Тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері және айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)		
		10,5 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	10,5 сағаттық болу режимі бар түзету топтары	10,5 сағаттық болу режимі бар туберкулез интоксикациясы бар балалар тобы
Ауыл	19934	41053	71554	59606
Қала	20352	37527	66779	55786

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2021 жылғы 30 сәуірдегі
№ 97 қаулысына 2 қосымша

2021 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

Ескерту. 2- қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 03.12.2021 № 286 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Елді мекеннің атауы	Тәрбиеленушілер саны	Бір күнге ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге) 3 жасқа дейін / 3 жастан бастап
Ақтау қаласы	15019	717
Жаңаөзен қаласы	8200	521,5/656,5
Бейнеу ауданы	2561	457,9/553,6
Қаракия ауданы	2009	563,96/652,0
Маңғыстау ауданы	2127	678
Мұнайлы ауданы	8142	688
Түпқараған ауданы	2228	561,7/680,3